

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі



«Самғау» театр үйірмесінің жұмыс жоспары

Үйірме жетекшісі: Е.Әуезханов

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін
Директор Ж.Т.Жанайдаров

Мұхтар Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі
“Балалар және театр” жобасын жүзеге асыру аясында құрылған
“Самғау” театр үйірмесінің 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

Халқымыз өнегені өрісім деп, өнерлі деп таныған, олай болса театр өнерінде де халқымыздың бір бояуы жатқандай. Шабыт кезінде сахна суреткері қайталанбас бір ғұмыр кешеді. Сол бір шабытты шақ, өнерпаз сахнаға аяқ басқан сайын үздіксіз қайталанып, байанды болған сайын оның көркемдік қызығы да базарлы болмақ. Сахнада өнерпаз ғұмырын ұзартқан «Сикырлы күш» шабыт шұғыласы ұзақ уақыт бойы көрермендер санасында сақталып қалады. Көрермендер шығармашылығы, оның ішіндегі сахна өнері – органикалық табиғи процесс десек, оның бірден бірі ең сенімді іргетас негізі – кәдімгі қарапайым әрекет. Бұдан шығатын қорытынды кез - келген әрекет адамның ішкі тебіреністерінің ізгі нәтижесі.

Сахналық шығарма - спектакль бір адамның емес, адамдардың тізе қосып, күш біріктіруімен жасалып шығады.

Театр үйірмесінің жұмысын жоспарлау барысында балалардың жас ерекшелігін ескеру аса қажет. Жас шамасына қарай қойылатын талапты ескере отырып, балалардың ересектер тобы 9-11 сынып, орта буын 6-8 сынып, бастауыш топқа 3-5 сынып оқушыларын топтадық.

I. «Самғау» театр үйірмесінің мақсаты мен міндеттері

Балалардың сана сезімін, жауапкершілігін, сауаттылығын, мәдениеттілігін, рухани дүниесін қалыптастыру;

Балалар мен жасөспірімдерді көркемдік эстетикалық, шығармашылық, моральдік – этикалық нормаларды қалыптастыру, өнерге баулу;

Балаларға актерлық шеберліктің негіздерін меңгерту, жеке тұлғаның таным талғамын арттыру;

Балаға актерлық техниканы меңгерте отырып, шығармашылық көзқарас, ойлау функцияларын қалыптастыру;

Сахна мәдениетін өн бойына қалыптастыру, сахна тілін дамыту;

Көпшілік ортада өзін этикалық нормаларға сай ұстауға тәрбиелеу;

Үйірмеге қатысушыларға өнерге деген құштарлығын арттыру;

Дұрыс сөйлеу техникасын ікемдеу;

Этикет нормаларына баулу және тәрбиелеу;

Шығармашылық ой – өрісті қалыптастыру және дамыту.

II. Ұйымдастыру жұмыстары

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі
1	Үйірме жұмысын жоспарлау	Тамыз
2	Топтарды жинақтау	Қыркүйек
3	БАҚ арқылы үйірме жұмысын насихаттау; Газет – журнал, әлеуметтік желелерге жариялау;	Жоспар бойынша
4	Үйірменің шығармашылық іс-әрекеті: Қалалық мәдени орындарына, театрға саяхат; Мерекелік, көпшілік іс-шараларға қатысу.	Жоспар бойынша

III. Тәрбие жұмысы

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі
1	Баланың үйірмедегі қарым-қатынасына қарай оның жан дүниесін зерттеу; тестілеу, әңгімелер; ойындар арқылы дамыту.	Жыл бойы
2	Қабілеттілік шеберлігін бағалау тәрбие мен тапсырмаларды орындауына бақылау жасау	Жыл бойы
3	Жалпы бағдарлау шаралары техника қауіпсіздігі, экскурсия бойынша әңгіме өткізу;	Қыркүйек Жыл бойы

	бос уақытта тиімді ұйымдастыру іс-шаралары.	
4	Эстетикалық тәрбие «Сұлулықты қалай түсінесіз?» атты өзара пікір алмасу; Театрға бару.	Жоспар бойынша
5	Дене тәрбиесі «Денсаулық – мол байлық» салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары.	Жоспар бойынша
6	Патриоттық тәрбие Мемлекеттік тілді дамыту барысында өз тілін, дінін, әдет-ғұрпын дамыту.	Жыл бойы

IV. Үйірменің жұмыстары

№	Іс-шаралар	Мерзімі
1	Тақырыптық әңгіме өткізу: Театр майталмандары жайлы әңгіме; Театр жұмысының негізгі бағыттары; Сахна мәдениетін қалыптастыру, сахна тілін дамыту; Сахналық этикет деген не?	Жоспар бойынша
2	Экскурсия Қаламыздағы қазақ, орыс драма театрларына саяхат.	Жоспар бойынша
3	Кездесулер: Театр майталмандарымен кездесу; Жас актерлермен кездесу; Жергілікті өнер адамдарымен кездесу.	Жоспар бойынша

V. Көпшілік жұмыстар

№	Іс-шаралар	Мерзімі
1	Қатысу, араласу және ат салысу; Атаулы күндер мен мерекелерге; Көпшілік іс-шараларға; Қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысу.	Жоспар бойынша
2	Балалардың табиғи таланттарын аша отырып, шығармашылық қабілетін оятып, үйірмеге қызықтыру.	Жыл бойы
3	Сахна мәдениетінен хабардар ету, түрлі бейнелерді /образ/ сомдау шеберлігін арттыру.	Жыл бойы
4	Балалардың бойына рухани байлықты сіңіре отырып, ата-дәстүрін ардақтауға тәрбиелеу.	Жыл бойы

VI. Тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мерзімі
1	Үйірмеге балаларды іріктеу, жинау	Қыркүйек
2	“Ахмет Байтұрсынов - қазақ халқының рухани көсемі” қойылымы	Қазан
3	Театр – өмірдің боямасыз келбеті	Қараша
4	“Ызғарлы желтоқсан” қойылымы	Желтоқсан
5	Аутотренингтер /жаттығулар/	Қаңтар
6	“Жұлдыз бала” үздік қойылым байқауы	Ақпан
7	Ә.Нұршайықов “Махаббат қызық мол жылдар” қойылымы	Наурыз
8	Оралхан Бөкей “Тортай мінер ақ боз ат” қойылымы	Сәуір
9	Сахналық киім, образ, тіл жаттығулары	Мамыр